


ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің тиімділігін арттыру» бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Сабыр Мұрат Бөкенбайұлының қос ғылыми еңбегі жарық көрді.



# Ғалымның қос кітабы

Бірінші еңбегі – «Қыпшақтану». Алматы қаласындағы «Libet» баспасында басылып, ғылыми-танымдық айналымға түсті. (Көлемі 256 бет). Аталмыш еңбектің қазақ руханиятына қосар маңызы зор, танымдық аясы кең. Оның үстіне «Қыпшақтанудың» мазмұны «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсат-мұраттарымен сәйкес келеді. ҚР-ның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры, тарихының теңізінен бастау алатын рухани коды болады» деп атап көрсетті. Сол рухани кодтың тарихи тамыры – бүгінгі қазақ ұлтының қалыптасу арнасы болған орта ғасырлық қыпшақ тайпалары. Байырғы қыпшақтардың тарихы, тілі, мәдениеті ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ішінара зерттеле бастады. Дегенмен еліміз егемендік алғаннан кейін жан-жақты зерделенуде. Еуразия кеңістігіндегі қыпшақтардың тарихын зерттеуде С. М. Ақынжанов, Б. Е. Көмеков сынды ғалымдар тың мәліметтер ұсынды. Жазба мұралар ті-

лін әр қырынан зерттеген Н. Сауранбаев, Ә. Құрышжанов, А. Ибатов, Б. Сағындықұлы, Ә. Керімов сынды ғалымдар әлемдік түркітану ғылымының көшін алға сүйреді. Осы ғалымдардың тікелей шәкірті Мұрат Бөкенбайұлы ұстаздарының зерттеулеріне сүйене отырып, қыпшақтану мәселесін жаңа қырынан дамытып отыр. Бүгінде ол Орта түркі кезеңі (X-XV ғасырлар), Алтын орда дәуірі (XIII-XV ғасырлар) тұсындағы жазба ескерткіштердің тілін кешенді зерттеп жүрген республикамыздағы бірден-бір ғалым.

Еңбекте қыпшақтану түркітанудың құрамдас бөлігі болғанымен, өзіндік бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі бар сала екені нақты дәлелдермен көрсетілген. Қазақ халқының этникалық, тарихи және мәдени қалыптасуына негіз болған қыпшақтық өркениетті таныстыра отырып, көне қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің сабақтастығы толық дәлелденген. Кітапта түркі тілдерінің жіктеліміндегі қыпшақ тілдерінің орны, қазіргі қыпшақ тілдерінің ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері көрсетілген. Байырғы қыпшақтардың шаруашылығы мен мәдениеті, дүниетанымы, әскери

өнері, шаһарлары туралы мол мағлұмат берілген.

Аталмыш еңбекте осы кезеңге дейінгі отандық тарих пен тіл білімі, тіл тарихы салаларындағы жинақталған ғылыми деректерге сүйене отырып, профессор М. Б. Сабыр қыпшақтанудың өзіндік бағыт-бағдарын, зерттеу нысанын белгілеп беріп отыр. Қыпшақтану проблемасы, ең әуелі, тілге байланысты өріледі. Көне қыпшақ тілі туралы ең алғаш мәлімет берген автор – Махмұд Қашқари. Ол «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде қыпшақ тілінің кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін талдап көрсетеді. М. Қашқари түркі тілдерін зерттей келе, XI ғасырда жеке қолданылған қыпшақ тілі болғандығын атап өтеді. Сонымен қатар ол «Қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йаруқ тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі» деп жазады. Белгілі ғалым Нығмет Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп, 1948 жылы «Бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған» деген еді. Бірақ Н. Т. Сауранбаев Э. Севортян бастаған мәскеулік ғалымдар тарапынан қатаң сынға ұшырады. Ол тұста қыпшақ мәселесін тереңдеп зерттеуге саясат мүмкіндік бермеді. Қыпшақтану мәселесі бойынша тәуелсіз Қазақстан тұсында ғана еркін зерттеулерге, тың тұжырымдар айтуға мүмкіндік туды.

Профессор Мұрат Сабырдың бұл еңбегінің маңыздылығы «Қыпшақтанудың» негізгі мақсат-міндеттерін белгілеп беруімен құнды.

Атап айтсақ, ғылыми курстың басты мақсаты – қазақ халқының этникалық, тарихи және мәдени қалыптасуына негіз болған қыпшақтық өркениетпен таныстыру, тарих сахнасындағы қыпшақтардың орнын бағамдау, көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің зерттелуінен мәлімет беру. Сонымен қатар ғалым түркі тілдерінің жіктеліміндегі қыпшақ тілдерінің орнын саралай келе, олардың ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктерін көрсеткен. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт т.б. қазіргі қыпшақ тілдерінің әдеби тіл болып қалыптасу үдерістерін, мемлекеттік мәртебесін, саяси-әлеуметтік жағдайын сараптаған.

«Қыпшақтардың бір кезде дәуірлеп жасаған жазба даласының, қара шаңырағының мұрагерлері де сол қазақтар» деген ақын Мағжан Жұмабаевтың тұжырымын дәлелдей келіп, ғалым «Қазіргі қазақ тілі – көне қыпшақ тілінің жаңа заманға сай өзгерген, дамыған, түрленген түрі» деген қорытындыға келеді.

Ғалымның келесі кітабы – «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы» атты іргелі еңбек (Алматы, «Libet» баспасы, 464 бет). Бірінші кітапта көрсетілген мәселелер одан әрі тереңдетіліп, кешенді ғылыми зерттеулер жүргізілген. Алтын орда мемлекетінің 750 жылдығына орай арнайы жоба аясында қолға алынған бұл еңбек бүгінгі қазақ тілінің Алтын орда дәуірі жазба ескерткіштерімен сабақтастығын зерттеуді мақсат тұтқан. Орта ғасырлық жазба жәдігерліктер этнос тілінің пайда болуын (глоттогене-

зін), этностың шығу тарихын (этногенезін) зерттеу үшін маңызды тілдік мәліметтер бере алады.

Еуразияның кең байтақ даласында өмір сүріп жатқан отыздан астам этнос түркі халықтарына жатады. Жазба ескерткіштер осы түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсетеді. Олар бүгінгі тілімізді бабалар тілімен жалған тұрған алтын көпір іспетті. Ал жазба ескерткіштер тілін әрбір түркі тілдерімен салыстыра зерттеп, алыс-жақындығын, ұқсастықтар мен айырмашылықтар көлемін анықтап зерттеу – түркітанудың алда тұрған зор міндеттерінің бірі.

Еуразияның кең байтақ даласында өмір сүріп жатқан отыздан астам этнос түркі халықтарына жатады. Жазба ескерткіштер осы түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсетеді. Олар бүгінгі тілімізді бабалар тілімен жалған тұрған алтын көпір іспетті.

ты мұрагері - бүгінгі қазақ тіліне дарыған» деген тұжырымға келген.

Орта ғасырларда әртүрлі диалектілік белгілер болғанымен, негізінен біртұтас түркі тілі қалыптасқан. Бірақ экстралингвистикалық және интралингвистикалық құбылыстардың әсерінен бұл тілдің кейде оғыз, кейде қыпшақ нұсқасы бой көрсетіп тұрған. Осылардың ішінде қыпшақ нұсқасының тіл сахнасында үлес салмағы мол. Мұның өзі жарау атты көк найзалы қыпшақтардың тарихтың саяси сахнасындағы гегемондық рөлі мен дүбірлі іздерімен тығыз байланысты. Ғалым «Біз зерттеп отырған орта түркі дәуірінің жазба мұрағаттары «әдеби тіл» ұғымы тұрғысынан орта түркі әдеби тілінің қыпшақ нұсқасында, көне қыпшақ әдеби тілінде жазылған. Бұлар бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне тікелей қатысты, осы тілдердің тарих қойнауындағы көрінісі. Тарихи, көне қыпшақ тілдері мен бүгінгі, жаңа қыпшақ тілдерінің арасына шекара қойып, ажырату мүмкін емес. Шындығында, бұлар бір тілдің әртүрлі әлеуметтік-тарихи, этно-географиялық, мәдени экономикалық жағдайдағы әрқилы бейнесі» дейді.

Ғалымның жазбаларынан түйгеніміз, жазба ескерткіштер тілі мен қазақ тілінде айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтар, ортақтықтар әлдеқайда көп. Бұл жәдігерліктер бүгінгі жалпыхалықтық, ауызекі қазақ тілінің де бастау көздері. Ұлттың тарихын, тілін зерттеуде мол мағлұмат беретін жазба ескерткіштер ғана. Тіл тарихын зерттеу - ұлт тарихын зерттеу. Бабалары көне қыпшақ тілінде сөйлеген бүгінгі қазақтардың, оның ішінде тіл мамандарының басты міндеті қыпшақтану саласын өркендету болса, сөз жоқ, профессор Мұрат Сабыр бұл салаға үлкен олжа салып отыр.

**Айгүл РОМАНОВА,**  
филология  
ғылымдарының  
кандидаты,  
доцент,  
Батыс Қазақстан  
инновациялық-  
технологиялық  
университеті,

**Бауыржан  
ҒҰБАЙДУЛЛИН,**  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі,  
ҚР Ақпарат  
саласының үздігі

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы ауқымында 2019 жылы «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасы іске қосылғаны мәлім.

## Ресейлік бауырлардың ұлттық мүддеге ықыласы ерекше



Биыл жоба аясында М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушылары Ресей Федерациясындағы Астрахан аймақтық «Жолдастық» қазақ мәдениеті қоғамдық ұйымы, Саратов аймақтық «Ұлттық мәдени орталығының» «Поволжье қазақтарының ассоциациясы» қоғамдық ұйымы және Волгоградтағы «Қазақстан мұрасы» қорының мүшелерімен кездесті. Кездесу нәтижесінде қос тарап қазақстандық және ресейлік студенттердің қатысуымен шетел қазақтарының рухани қасиетті орындарын зерттеу тақырыбына арналған халықаралық ғылыми конференция өткізу туралы келісім жасады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаржылай қолдауымен АР09563101 «Таяу шетелдегі қазақтардың рухани қасиетті орындары (Батыс Қазақстанмен шекаралас Ресей Федерациясының аймақтары мысалында)» жобасы шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Осы күні кеше түгелімен қазан айында М. Өтемісов атындағы БҚУ-да «Қазақтың рухани қасиетті орындары туралы білімді зерттеу мен насихаттаудағы трансшекаралық ынтымақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өтті. Басты мақсат - Батыс Қазақстан облысының тұрғындары мен шекаралас елдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің қарым-қатынасын нығайту, көршілес аймақтардағы қазақ бірлестіктерімен тұрақты түрде хабар алмасу. Конференцияда М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Ә. Тасмағамбетов, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті А. Нұрғалиева, аға оқытушысы А. Әмен, оқытушы Ж. Қалиева мен БҚУ оқытушыларының шығармашылық тобы, Астрахан аймақтық «Жолдастық» қазақ мәдениеті қоғамдық ұйымының төрағасы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Астрахан мемлекеттік техникалық университетке қарасты экономика институтының директоры Р. Арықбаев, Саратов аймақтық «Ұлттық мәдени орталығының» «Поволжье қазақтарының ассоциациясы» қоғамдық ұйымының президенті В. Ташпеков сөз алды.

Бүгінгі конференцияда талқылауға шығарылған мәселелер өте өзекті. Қос мемлекет басшысының шекаралық ынтымақтастықты нығайтуға үнемі мүдделілік танытуы қазақ этносын, оның мәдениетін сақтауға ерекше ықпал етуде. Биылғы жаздың ортасында Қазақстан Республикасына барған ресми делегация құрамында болдым. Делегация мүшелері ел Президентімен, Үкімет басшысымен және Энергетика министрімен кездесті. Міне, осы кездесулерде ынтымақ аясын кеңейту, экономикалық қана емес, тарихи байланысты тереңдету жайы айтылды.

2021 жыл - біз үшін айтулы жыл. Өйткені күйші Құрманғазы Сағырбайұлына арналған музей-кесененің ашылуының 25 жылдығын атап өтеміз. Бұл кешеннің іске қосылуына Ресей мен Қазақстан халықтары арасындағы үлкен достық дәнекер болды. Осы кесененің ашылуына ҚР тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев, Ресей Федерациясының сол кездегі премьер-министрі В. Черномырдин және екі ел шекарасы маңындағы өңірлерден келген 50 мыңнан астам адам қатысты. Бұл оқиға туралы, әрине, мерзімді баспасөз беттерінде, ғылыми әдебиеттерде кеңінен жазылды. Менің ойымша, өзара интеграция мен қазақ даласының қасиетті жерлері туралы әңгімелесу, ақпараттар алмасу, әсіресе, жастар үшін өте маңызды. Өйткені Қазақстан халқымен байла-

нысты киелі географиялық орындармен қоса, бұл ретте Ресейдің де киелі орындары туралы тарихи деректерді талқылап отырмыз. Оның үстіне Ресей Федерациясы тарапы осы жерлерді сақтап қалуға барынша күш салып жатқанын мақтан тұтамыз. Мұндай бағыттағы іс-шараларды мемлекеттердің қолдаусыз жүзеге асыру қиындық туғызар еді. Біз әріптестеріміздің, жерлестеріміздің, қандастарымыздың қазақтардың киелі географиялық орындарын көздің қарашығындай сақтауға ұмтылғанына ризамыз, - деді Р. Арықбаев конференцияның ашылуында.

Конференцияда «Поволжье қазақтарының ассоциациясы» қоғамдық ұйымының президенті В. Ташпеков Еділ қазақтарының қауымдастығы этномәдениетті сақтауға ықыласты екенін айтты.

2017 жылы біз құрамына Мәскеу, Омбы, Орынбор, Саратов, Челябинск қалалары мен бірқатар өңірдегі қазақ қоғамдық бірлестіктерінің төрағалары кіретін ұйым құрдық. Ресей азаматы болғанымызға қарамастан, қазақ мәдениетін насихаттау біз үшін өте маңызды. Қазақстан - біздің тарихи атамекеніміз. Биылғы қараша-желтоқсан айларында «Поволжье қазақтарының ассоциациясы» қоғамдық ұйымы Батыс Қазақстан облысының ғалымдарымен бірге Саратов облысының аумағында Бөкей хандығының құрылғанына 210 жыл толуына арналған ғылыми конференция өткізу жоспарлауда. Қазір өмір сүріп жатқан қазақтардың ата-бабалары Саратов, Волгоград, Астрахан облыстарының аумағы Бөкей хандығының аумағына енгендігін біледі. Бұл оқиғаны да ұмытпау керек, ол жерде студенттерімізге көрсете алатын көптеген тарихи орын жеткілікті, - деді ол.

Пленарлық отырыста Астрахан мемлекеттік университетінің қазақ тілі оқыту-

шысы А. Ғұмарова, Астрахан мұнай және газ институтының студенті А. Сейдешева, Құрманғазы Сағырбаев мұражайының меңгерушісі А. Макабаева мәдениет пен тілді дамыту тәжірибесі, рухани құндылықтарды сақтау туралы баяндап, көпғасырлық халықтар достығына негізделген Ресей мен Қазақстан ынтымақтастығын нығайту қажеттігін атап өтті. М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың тарих ғылымдарының докторы А. Нұрғалиева Ресей-Қазақстан аумағында қазақ халқының қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құруға үлес қосуға ғалымдар ерекше ықыласты екендігін айтты. «Қазақтардың этномәдени бірлестіктері арасында «Жолдастық» қоғамдық ұйымы осы бағытта белсенді әрі жемісті қызмет етуде. Бірлестік мүшелері жан-жақты ағарту жұмысын жүргізіп, қазақ музыкасын орындаушылардың байқауларын және қазақ халқының салт-дәстүрі мен фольклорын насихаттауға байланысты фестивальдер мен басқа да мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға тікелей атсалысуда. Алтынжар ауылындағы Құрманғазы Сағырбаев атындағы мемлекетаралық мәдени орталықтың қызметкерлері - нағыз энтузиастер», - деп атап өтті университет ғалымы.

Тарих ғылымдарының докторы А. Нұрғалиеваның айтуынша, 100-ге тарта адам қатысқан конференцияға 35 баяндама ұсынылды. «Жолдастық» қоғамының жас өкілдері, оқытушылар, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих, экономика және құқық факультетінің магистранттары мен студенттері белсене қатысып, бір-біріне ыстық лебіз білдірді. Ғылыми конференция материалдары бойынша электронды жинақ жарық көрді.

**Нұртай АЛТАЙҰЛЫ,**  
«Орал өңірі»